

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының "Жыныстық жолмен берілетін аурулармен (ЖЖБА) күресу шараларын жетілдіру туралы" 2001 жылғы 27 шілдедегі N 695 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 тамызда N 1630 тіркелген) өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 7 сәуірдегі N 280 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2259. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.**

Жыныстық жолмен берілетін жұқпалар жөніндегі жағдайлардың тұрақтануына байланысты және жыныстық жолмен берілетін жұқпалы ауруларды белсенді төмендету жөніндегі одан арғы іс-шаралар үшін бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының "Жыныстық жолмен берілетін аурулармен (ЖЖБА) күресу шараларын жетілдіру туралы" 2001 жылғы 27 шілдедегі N 695 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 тамызда N 1630 тіркелген, N 40 "Ресми газетте" 2002 жылы 5 қазанда ресми жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 8) тармақшасы алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а ғ ы :

"халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру және сапасын бақылау" деген сөздер "емдеу-алдын алу жұмыстары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1), 2) тармақшалардағы "ЖЖБА тексеру" деген сөздерді "ЖЖБА міндетті тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалдық қамтамасыз ету департаменті" деген сөздер "Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жыныстық жолмен берілетін ауруы (бұдан әрі - ЖЖБА) бар контингенттерді тексеру жөніндегі және ЖЖБА-на оң реакциясы бар стационарлық науқастарды қарау тәртібі туралы нұсқаулықтарда:

1 - т а р м а қ т а ғ ы :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "қан плазмасы бар преципитацияның микрореакциясы-сифилиске тексеру кезінде іріктелген әдіс";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "серологиялық реакция кешені (СРК): кардиолипіндік және трепонемдік СКР+ кардиолипіндік антигені бар преципитацияның микрореакциясы (VDRL үлгісі)";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) "серорезистенттік - сифилисті емдегеннен кейін бір жыл бойы дұрыс сақталатын серологиялық реакция";

3 - т а р м а қ т а ғ ы :

1) тармақшада "барлық пациенттер" деген сөздер "14-тен 65 жасқа дейінгі пациенттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "биылғы жылдың тоқсанында бір рет" деген сөздер "тоқсан сайын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "тексеруге" деген сөз "сифилиске" деген сөзбен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жұмысқа орналасу және кезеңдік медициналық тексеру кезеңіндегі жыныстық жолмен берілетін ауруға (бұдан әрі - ЖЖБА) міндетті медициналық тексеруге жататын контингенттердің тізбесінде:

1, 2, 8, 9, 10, 11-тармақтардағы "жылына бір рет" деген сөздер "жылына кем дегенде екі рет" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "жарты жылда бір рет" деген сөздер "жұмысқа орналасу кезінде, ал содан кейін жарты жылда бір рет" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жыныстық жолмен берілетін ауруымен (бұдан әрі - ЖЖБА) ауыратын науқастарға көмек көрсететін медициналық ұйымдардағы микробиологиялық, зертханалық диагностикалардың әдістердің міндетті минимумы туралы нұсқаулықтағы:

2-тармақтың 1) тармақшасында "тестер" деген сөзден кейін "(РИФ, РИТ, АСЛ, ПЦР оң нәтижелерін алу кезіндегі СРК, МР)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Министр*